Калинин атындағы (директоры Гаврищук жолдас) және Семиполка (директоры Могильный жолдас) МТС-терін айрықша атап өту қажет. Бұл МТС-терде комбайн жөндеу шын мәнінде ұйымдастырылмай келеді. Бұлай дейтін себебіміз —жөндеу жұмысына механизаторлар түгел тартылмаған, оның үстіне жұмыс істеп жүрген комбайншылардың өнімді еңбек етуіне қажетті жағдай жасалмаған. Осының

насихаттап, оларды көптің игілігіне айналдырып отыру керек.

Комбайндардың әрбір МТС пен совхоз бойынша мерзімінде толық және сапалы жөнделіп болуын, сөйтіп, олардың егін жыйнауға толық қуатымен пайдаланылуын қамтамасыз ету —партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының бүгін таңдағы ең басты міндеттерінің бірі.

оның дағдылы ісі.

**Д. ӘБІЛҚАСОВ.**

қажетті құрал-саймандарды жөндеу күні бүгінге дейін шындап қолға алынбай

дайын

## Көп жылдар бойына және мінсіз істеген жұмысы үшін наградталғандар

Жуырда ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО электростанциялар өнер кәсібіне қарасты «Карагандаэнерго»ның Петропавлдағы Орталық электр станциясының біртоп жетекші мамандықтағы жұмысшыларын, басқарушы және инженер-техник қызметкерлерін көп жылдар бойына және мінсіз істеген жұмысы үшін ССР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградтады.

Турбина цехының бастығы Зариф Садықов жолдас Ленин орденімен, котелдардың аға кочегары Алексей Иванович Грачев, турбина машинисті Екатерина Егоровна Морозова, турбина цехы бастығының орынбасары Дмитрий Иванович Надысев жолдастар Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалі Орталық электр станциясының директоры Хафиз Исанғазиұлы Болатов және турбинаның аға машинисті Алексей Яковлевич Нестеренко жолдастарға берілді.

«Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен 19 адам наградталды.

## М. И. Калининді еске түсіруге арналған мемориалдық тақта орнатылды

Алматыда, салтанатты жағдайда, М, И. Калининді еске түсіруге арналған мемориалдық тақта ашылды. Бұл тақта 8 март көшесіндегі № 17 үйге орнатылған. Қоңыр түсті мраморға алтын әріптермен былай деп жазылған: «Осы үйде 1935 жылғы 25 октябрьде большевиктік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері Михаил Иванович Калинин Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің мереке сессиясында және екпінді колхозшылардың Қазақстандық Екінші съезінде сөз сөйледі».

**(ҚазТАГ).**

### ЖАҢА АСТЫҚТЫ ҚАБЫЛДАУҒА ӘЗІРЛІК

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ).. Облыста быйылғы жаңа астықты қабылдауға әзірлік күшейе бастады. Механикаландырылған сегіз ірі астық қоймасы салынуда. Бородулиха ауданындағы Ауыл селосында да дәл осындай қойма салынып болды. Кеше бұл қоймаға жабдықтар орнатыла бастады. Жаңа қоймалар салумен бірге элеваторлар, қоймалар, астық қабылдайтын алыстағы пункттер әзірленіп жатыр. Барлық жерде астық түсіретін және тиейтін жылжымалы транспортерлер тағы басқа механизмдер орнатылуда.

# Туған елі...

## Ново-Тагиль металлургтерінің табысы

ТӨМЕНГІ-ТАГИЛЬ, 4 июнь. (СОТА). Жартыжылдың жоспарын мерзімінен бұрын аяқтау үшін социалистік жарыска қосылып, Ново-Тагильдің металлургия комбинатының болат қорытушылары бес айдың ішінде жылдамдатылған әдіспен мыңнан астам болат қорытып берді.

Бірінші мартен цехының коллективі болат қорытудың мерзімін жоспардағыдан екі сағат қысқартты. Июньнің алғашқы күндерінде болат қорытушылар жылдамдатылған әдіспен ауырсалмақты ондаған болат қорытып берді.

Металлургияның барлық циклдары бойынша бес айлық жоспарды артығымен орындап, кәсіпорнының коллективі июнь айында металл өндіруді арттыра түсуде. Бүгін заводтан коммунизмнің ұлы құрылыстарына тағы да бірнеше вагон прокаттар жөнелтілді. Осы жолғы заказ мерзімінен 26 күн бұрын орындалды.

## Астық—мемлекетке

БАКУ, 5 июнь. (СОТА). Егін орағының алғашқы күнінен бастап, Азербайжан колхоздары мемлекетке астық өткізе бастады. Жаңа егіннен өткізілген арпа үшін Кази-Магаед, Силлинский, Евлаховск аудандарының колхоздары бірінші болып квитанция алды. Евлаховск ауданының Сабиро атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мемлекетке арпа тапсыру жөніндегі міндеттемені ауданда бірінші болып орындады.



Жыл сайын мыңдаған совет адамдары Қырым
алады.

СУРЕТТЕ: ССРО совхоздар Министрлігінің
нісі.

Суретті түсрген **В. Кун**

### КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМНЫҢ

ЛЕНИНГРАД, 4 июнь. (СОТА). Бүгін Пирогов атындағы хирургия қоғамы мен неирохирургтердің Ленинградтағы қоғамының көрнекті совет ғалымы және хирургі ССРО Медицина ғылымы академиясының толық мүшесі профессор В. Н.

Шамо
салтан

Енб
Шамо
көрне

